

**Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен коммуналдық мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүліктерді есептен шығару тәртібі туралы нұсқауды бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облысының әкімиятының 2003 жылғы 25 қыркүйегіндегі N 135 қаулысы . Жамбыл облыстық әділет басқармасында 2003 жылғы 5 қарашада 1127 нөмерімен тіркелді.Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 125 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2012.04.12 № 125 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 ақпандағы "Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2003-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы" № 118 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының негізінде облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен коммуналдық мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүліктерді есептен шығарудың тәртібі туралы қоса беріліп отырған нұсқау бекітілсін.

2. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен коммуналдық мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүліктерді есептен шығаруға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті орган болып "Жамбыл облысының коммуналдық меншік департаменті" мемлекеттік мекемесі белгіленсін.

3. Осы қаулы облыстың әділет басқармасында тіркеуден өткен күннен бастап күшінен енеді.

<i>Облыс Әкімі</i>	<i>С.Үмбетов</i>
Жамбыл облысы	әкімиятының
2003 жылғы 25	қыркүйектегі
"Коммуналдық	мемлекеттік
кәсіпорындар мен	коммуналдық
мемлекеттік мекемелерге	бекітіліп
берілген мүліктерді	есептен
шығару тәртібі	туралы
нұсқауды бекіту туралы"	N 135
қаулысымен бекітілді	

# **Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен коммуналдық мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүліктерді есептен шығару тәртібі туралы НҰСҚАУ**

## **1. Жалпы ереже**

1. Осы нұсқау коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар (әрі қарай - мемлекеттік кәсіпорындар) мен коммуналдық мемлекеттік мекемелерге (әрі қарай - мемлекеттік мекемелер) бекітіліп берілген қару-жарак, әскери техника, қорғаныс нысандары және Қазақстан Республикасының»Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарында пайдаланылмайтын өзге де әскери мүліктерден басқа табиғи және моральдық тозуы, табиғи опат пен апат салдарынан жарамсыз болған мүліктерді есептен шығару тәртібін белгілейді.

2. Нұсқау мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің негізгі құрал-жабдығына (активтеріне) жататын мүліктер бойынша жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелер мүліктерін есептен шығарудың қажетті құжаттарын ресімдеу осы Нұсқаудың 7-тармағында белгіленген талаптарды ескере отырып, осы Нұсқаудың 4-тармағына сәйкес құрылған Комиссияның қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

4. Комиссия мемлекеттік кәсіпорын немесе мемлекеттік мекеме басшысының б ұ й р ы ғ ы м е н к ұ р ы л а д ы .

Мемлекеттік кәсіпорында құрылатын Комиссияның құрамына: мемлекеттік кәсіпорынның бас инженері немесе басшының орынбасары ( К о м и с с и я н ы ң т ө р а ғ а с ы ) ;

бас бухгалтер немесе оның»орынбасары; мүлікті сақтау жауапкершілігі жүктелген тұлғалар міндетті түрде енгізіледі.

Мемлекеттік мекемелерде құрылатын Комиссияның құрамына: мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары (Комиссия төрағасы); бас бухгалтер немесе оның орынбасары (штаттық кесте бойынша бас бухгалтер лауазымы болмаған жағдайда бухгалтерлік есепті жүргізу жүктелген т ұ л ғ а ) ;

мүлікті сақтау жауапкершілігі жүктелген тұлғалар міндетті түрде енгізіледі.

Мүліктің жекелеген түрлерін есептен шығару кезінде Комиссияның құрамына тиісті мамандар (сарапшылар) енгізіледі.

## **2. Мүлікті есептен шығару тәртібі**

5. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелер балансынан табиғи және моральдық тозуы салдарынан, олардың белгіленген қызмет мерзімі

аяқталуынан кейін, табиғи опаттар мен апаттар нәтижесінде өндірістік мәнін толық жоғалтқан мүлік оны қалпына келтіру экономикалық тиімсіз немесе мүмкін болмаған жағдайда есептен шығарылады.

6. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелер мүлкін есептен шығару :

100 пайыз тозған жағдайда - "Жамбыл облысының коммуналдық меншік департаменті" мемлекеттік мекемесімен (әрі қарай - коммуналдық меншік департаменті) және мемлекеттік басқару органымен келісімге орай мемлекеттік кәсіпорынның шешімі бойынша ;

50 пайыздан астам тозған және/немесе баланстық құны 1000-еселік ең төменгі есептік көрсеткіштен аспаған жағдайда, мемлекеттік басқару органның келісімімен және коммуналдық меншік департаментінің жазбаша рұқсатымен;

50 пайыздан кем тозған және/немесе баланстық құны 1000-еселік ең төменгі есептік көрсеткіштен асқан жағдайда, мемлекеттік басқару органының келісімімен және коммуналдық меншік департаменті мен облыс әкімиятының жазбаша рұқсатымен жүзеге асырылады.

Мүлік жарамды болған жағдайда коммуналдық меншік департаментіне комиссияның қорытындысы бойынша есептен шығарылатын мүлікті кредиторлық қарызды жабу есебінен аукционсыз өткізуге рұқсат етіледі.

7. Комиссия есептен шығаруға жататын мүліктерді тікелей қараудан өткізеді, мұнда техникалық құжаттаманы, сондай-ақ бухгалтерлік есептің мәліметін пайдаланады және оның қалпына келтіруге және одан әрі пайдалануға жарамсыздығын белгілейді, осы Нұсқаудың»5-тармағымен белгіленген есептен шығарудың»себебін айқындайды, есептен шығарылатын мүліктің»жекелеген бөліктері мен бөлшектерін, материалдарын пайдалану мүмкіндігін айқындайды, олардың»бағасын шығарады, олардың мерзімінен бұрын пайдаланудан шығып қалуына кінәлі тұлғаларды анықтайды және акті жасайды. Комиссияның қызметіне арнайы білім қажет болған жағдайда оның құрамына тиісті мамандарды (сарапшыларды) енгізеді.

Акты бекітілгенге дейін мүлікті бөлшектеуге және бөлуге жол берілмейді.

Мүлікті жоюдан соң алынған барлық қосалқы бөлшектер, бөліктер, тораптар, материалдар мен басқа да материалдық құндылықтар (әрі Қарай - материалдар) үш топқа жатқызылады :

Бірінші топ - бұл тікелей өз орны бойынша одан әрі пайдалану үшін жарамды материалдар, олар пайдалану мүмкіндігі бағасы бойынша бухгалтерлік есептің тиісті шоттарында кіріске алынуы тиіс.

Екінші топ - бұл тікелей өз орны бойынша одан әрі пайдалану үшін жарамайтындар, олар екінші қайтара шикізат есебінде (қара, түсті және бағалы материалдар сынықтары, ескі-құсқылар, отындық ағаштар және т.б.) кіріске

а л ы н а д ы .

Үшінші топ - бұл одан әрі пайдалану үшін жарамсыз материалдар. Бұл топтағы материалдар жоюға жатады, ол туралы акті жасалынады.

8. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің мүлкін осы Нұсқаудың 5-тармағында көрсетілген себептердің салдарынан есептен шығару белгіленген үлгідегі актілермен (ОС-3, ОС-3 бюджет, ОС-4, 443, 444 үлгілері) 3 дана да р е с і м д е л е д і .

9. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің мүліктерін есептен шығару жөніндегі Комиссияның 3 данада жасаған актілері осы нұсқаудың 6-тармағына сәйкес коммуналдық меншік департаментіне келісілуі үшін мынадай құжаттар тізбесімен жолданады:

1) комиссия хаттамасымен;

2) апат болған жағдайда - тиісті лауазым иесі жасаған және бекіткен оқиға актісінің көшірмесімен.

10. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің мүлкін есептен шығару актілері келісілген жағдайда жоғарғы сол жақ бұрышына "Келісілді" деген белгі, күні, басшының қолы қойылады, коммуналдық меншік департаментінің мөрімен бекітіледі.

Актінің, комиссия хаттамасының 1 данасы (оқиға актісінің көшірмесі) коммуналдық меншік департаментінде қалады, ал өзге екеуі мемлекеттік кәсіпорынға немесе мемлекеттік мекемеге және мемлекеттік басқару органына ж о л д а н а д ы .

11. Келіспеген жағдайда мүлікті есептен шығарудан бас тарту негізделген құжаттар пакеті мемлекеттік кәсіпорынға немесе мемлекеттік мекемеге кері қайтарылады.

### **3. Қорытынды ереже**

12. Мүлікті есептен шығарудың»қолданыстағы тәртібі бұзылған жағдайда оған кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тартылады.

13. Осы нұсқауда реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.